

## 2016 жылға нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № А-1/31 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 ақпанда № 5254 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № А-3/164 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 15.04.2016 № А-3/164 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) қаулысымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабына сәйкес, Зеренді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін: техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар түлектер; оларға байланысты емес себептер бойынша ұзақ уақыт бойы жұмыс істемейтін тұлғалар (он екі айдан артық);

уақытша және маусымдық жұмыстардың аяқталуына байланысты еңбек шартының мерзімі аяқталған тұлғалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Зеренді ауданы әкімінің орынбасары А.Т.Хамиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Зеренді ауданының әкімі*

*А.Мұратұлы*